

Ерлан Карин избран вице-президентом Казахстана

28 августа в Астане состоялось открытие первой сессии Курултая РК первого созыва с участием Президента Касым-Жомарта Токаева.



Депутаты Курултая поддержали кандидатуру Ерлана Карина на должность вице-президента Казахстана. За его кандидатуру проголосовал 141 депутат Курултая.

Его кандидатуру предложил Глава государства Касым-Жомарт Токаев. Президент отметил, что вице-президент играет особую роль в системе государственного управления.

Айбек Дадебай избран председателем Курултая



Депутаты Курултая избрали Айбека Дадебая председателем нового законодательного органа. По итогам тайного голосования 144 депутата поддержали кандидатуру Айбека Дадебая.

Кандидатуру Айбека Дадебая на пост спикера выдвинул Глава государства Касым-Жомарт Токаев. По словам Президента, Айбек Дадебай долгое время проработал в системе государственного управления, обладает большим опытом и на деле доказал, что является образованным, патриотичным и ответственным гражданином.

1 сентября – начало учебного года

Особенный день для всех

Во вторник в школах района начался очередной учебный год. С его началом аким района Жанар Кусайын поздравила педагогический коллектив и учащихся Смирновской школы-гимназии. Линейка, посвященная Дню знаний, из-за погодных условий прошла в спортивном зале.

В начале мероприятия выпускники создали живой коридор для первоклашек. А когда все заняли свои места, исполнили Гимн Казахстана.

Слово для поздравления с Днем знаний предоставили акиму района.

– Мне особенно приятно встречать новый учебный год вместе с коллективом Смирновской школы-гимназии. Это опорная сельская школа, имеющая свои традиции, сильный педагогический коллектив, серьезные достижения и хороший потенциал для дальнейшего развития.

Желаю продолжения традиций всем ученикам и педагогам, успехов и новых достижений в новом учебном году!

Какими бы современными ни становились школы, какие бы технологии ни приходили в образование, главным человеком в школе был и остаётся учитель. Именно педагог способен увидеть способности ребёнка, поддержать его в трудную минуту, научить самостоятельно мыслить и помочь сделать первые шаги к будущей профессии.

Дорогие первоклассники! Сегодня для вас начи-

нается совершенно новая страница жизни. Вы впервые переступаете школьный порог уже в качестве учеников. Впереди вас ждут первые уроки, школьные друзья, первые открытия и первые победы. Пусть школа-гимназия станет для вас вторым домом, куда вы каждый день будете приходить с интересом и радостью.

Дорогие выпускники! Для вас начинается один из самых ответственных учебных периодов. Желаю вам поставить перед собой высокую цель и сделать всё необходимое, чтобы её достичь. С Днем знаний и началом учебного года!

С началом учебного года школьников и коллег поздравила ветеран педагогического труда Раушан Валеева.

Первоклассники в стихотворной форме выразили радость от того, что переступили порог школы и будут получать здесь знания, начав свое выступление хором со слов «Школа, мы пришли!».

11-классники пожелали самым маленьким ученикам успехов на школьном пути. Шестиклассники вышли с флешмобом под песню, исполненную выпускниками.

Вниманию присутствующих были представлены четыре молодых педагога: два учителя русского языка и литературы и два преподавателя английского языка.

(Окончание на стр. 3)



Урожай-2026

На экваторе жатвы

На 1 сентября в районе свалено 56,9% зерновых, это 83,8 тыс. га. Подобрали 48,5%, или 71,6 тыс. га. На молот составил 126,7 тыс. тонн. Средняя урожайность на отчетную дату – 17,7 ц/га.

Масличные обмолочены на площади 11,7 тыс. га, или 7,8% от общей площади.

– Уборочная страда набрала хороший темп, но погода вносит свои коррективы, замедляя жатву, – проинформировала главный агроном отдела предпринимательства, сельского хозяйства и ветеринарии Анна СУДЬИНА.

ТОО «Машино-Тракторный магазин»
реализует запчасти и
полнокомплектную с/х технику
по ценам производителей.
Имеется возможность
доставки до заказчика.
Тел.: 8 (71538) 2-09-55,
8-705-652-78-47.

Кызылжарский район,
с. Бесколь, ул. Ипподромная, 1.

Текстиль для дома
с. Смирново,
бутик на рынке

- Ковры, подушки, одеяла, пледы, наволочки, пододеяльники, простыни, наперинники, постельные комплекты, банные полотенца и многое другое.

Тел. 8-776-200-75-00

Магазин
«Солнышко»
предлагает большой выбор
мягкой и корпусной мебели.
График работы: вторник – суббота – с 10
до 18 часов. Обед – с 14 до 15 часов.
Воскресенье – с 10 до 14 часов.
Понедельник – выходной.
Продам магазин «Солнышко»,
действующий бизнес.
Тел. 8-705-801-42-44.

ЖШС КОЛОС СК ТОО

ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРДІ САТУ
МТЗ, ДТ, К-700, Т-4, АРНАЙЫ ТЕХНИКА
МАЙЛАР, ФИЛЬТРЛЕР, МОЙНТИРЕКТЕР
СТАРТЕРЛЕР, ГЕНЕРАТОРЛАР ЖӘНЕ Т.Б

ПРОДАЖА ЗАПАСНЫХ ЧАСТЕЙ
МТЗ, ДТ, К-700, Т-4, СПЕЦТЕХНИКА
МАСЛА, ФИЛЬТРА, ПОДШИПНИКИ
СТАРТЕРА, ГЕНЕРАТОРЫ И Т.Д

г. Петропавловск, ул. Ярослава Гашена, 25А,
тел.: 8 (7152) 63-00-27, 63-00-28.

эко ПЛАСТ ОКНА
ПО НИЗКИМ ЦЕНАМ!

КРЕДИТ
РАССРОЧКА 0%

- ➔ Пенсионерам и ветеранам – **СКИДКА**
- ➔ Бесплатный замер и доставка
- ➔ Выезд на замеры в районы
- ➔ Москитная сетка в подарок
- ➔ Демонтаж бесплатно

НЕМЕЦКОЕ КАЧЕСТВО!
ПО ДОСТУПНОЙ ЦЕНЕ!

ГАРАНТИЯ 3 ГОДА
ЛЕТНИЕ СКИДКИ

г. Петропавловск, ул. Жумабаева, 102,
тел.: 8 (7152) 46-64-58, 8-777-512-94-36, 8-777-650-74-74

УСЛУГИ
МИНИ-ЭКСКАВАТОРА,
ЭКСКАВАТОР-ПОГРУЗЧИК

- Копка котлованов под септик.
- Доставка и установка бетонных колец.
- Кольца, крышки и донки в наличии.
- Планировка участков и погрузка мусора.

Максим Руди : 8-700-223-70-95 («Ватсапп»), 8-776-223-70-95.

Закуп мяса
КРС, говядина, свинина, баранина.
Вынужденный забой. Работаем 24/7.
Тел. 8-705-199-55-00.

7 ОКТЯБРЯ 2026 ГОДА в 12:00 часов состоится внеочередное собрание участников ТОО «ИвановкаАгроСевер», БИН 040340001362.

Порядок проведения собрания в соответствии с нормами Закона РК «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью».

Порядок проведения заочного голосования осуществляется по телефону 8-777-955-27-57.

Повестка дня:

1. Рассмотрение вопроса об обращении с заявлением в ФНАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Северо-Казахстанской области» о внесении участников (учредителей) ТОО «ИвановкаАгроСевер» в государственную базу данных «Юридические лица» в связи с актуализацией;
2. Рассмотрение вопроса о заключении договора с АО «Центральный депозитарий ценных бумаг» для дальнейшего ведения реестра участников товарищества в АО «Центральный депозитарий ценных бумаг»;
3. Рассмотрение вопроса о корректировке долей участников и приведение в соответствие с законодательством для дальнейшего обращения в АО «Центральный депозитарий ценных бумаг»;
4. Рассмотрение вопроса о приведении в соответствие юридического адреса ТОО «ИвановкаАгроСевер»;
5. Рассмотрение вопроса о продлении полномочий действующего директора товарищества;
6. Рассмотрение вопроса о дивидендах (паях), выплачиваемых учредителям (пайщикам) товарищества по итогам года.

Адрес проведения собрания: Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, СКО, Аккайынский район, с. Ивановка, ул. Мира, 1, здание клуба.

Всем участникам при себе иметь удостоверение личности. Представителям иметь доверенность.

Аккайынскому районному отделению филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» КСЭК МЗ РК по СКО требуются:

- специалист санитарно-гигиенической лаборатории;
- лаборант санитарно-гигиенической лаборатории;
- лаборант бактериологической лаборатории.

Квалификационные требования к специалистам лаборатории:

- высшее образование по направлениям подготовки «Естественные науки, математика и статистика» (биология, биотехнология, химия, физика) либо «Инженерия и инженерное дело» (химическая технология неорганических веществ, химическая технология органических веществ);
- документ о повышении квалификации по соответствующей специальности;
- сертификат специалиста в области здравоохранения по соответствующей специальности (для лабораторий санитарно-эпидемиологического профиля).

Квалификационные требования к лаборантам:

- техническое и профессиональное образование по направлениям подготовки «Гигиена и эпидемиология», «Лабораторная диагностика» либо «Естественные науки, математика и статистика»;
- сертификат специалиста в области здравоохранения по соответствующей специальности.

Обращаться: с. Смирново, ул. Щербакова, 17, тел. 8-708-273-11-79, Анна Павловна.

ТОО «RAHIMI GROUP» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях для ТОО «Rahimi Group».

Дата, время, место: 12.10.2026 г. в 11:00.

Место проведения: СКО, Аккайынский район, с. Смирново, ул. Желтоксан, 24 (актовый зал).

Координаты участка: 54°31'41"с.ш., 69°24'53" в.д.; 54°31'39"с.ш., 69°25'7"в.д.; 54°31'35"с.ш., 69°25'10"в.д.; 54°31'38"с.ш., 69°24'51"в.д.

Ссылка для онлайн подключения: <https://teams.live.com/join/9328867359909?p=JKwYpmaoeEI1cIS044>. Идентификатор собрания: 932 886 735 990 9. Пароль: 123456.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: ТОО «Rahimi Group», телефон 8-705-255-91-99, СКО, с. Смирново, ул. Гагарина, 124А, БИН 230740024009, omidrahimiagro801@gmail.com.

Наименование разработчика документации: ТОО «NordEcoConsult», СКО, г. Петропавловск, ул. Муканова, 50, офис 308, телефон 8-777-319-17-46, БИН 090240009780, vibatalov@yandex.ru. Задать интересующиеся вопросы можете по указанным контактам не позднее трех дней до даты общественных слушаний.

Документация по проекту размещена на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов»: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и сайте МИО: https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat/press/article/1?activities=_37524&lang=ru в разделе «Общественные слушания».

Наименование местного исполнительного органа и контактные данные ответственного за организацию общественных слушаний: управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО, телефон 8 (7152) 53-36-38.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону 8-777-319-17-46.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: a.sapozhnikova@sko.gov.kz, dpr@sko.gov.kz.

НА СТРАНИЦАХ ГАЗЕТЫ РАЗМЕЩАЕТСЯ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИНФОРМАЦИОННЫЙ ЗАКАЗ

Газета Аккайынского района
Редактор Александр Лесиков
Собственник: ТОО «Редакция газеты «Колос». Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания 10962-Г выдано Министерством связи и информации РК 15.06.2010 г.

Газета издаётся с 24.04.1942 г.
До 17.05.1962 г. называлась «Социалистический труд», с 17.05.1962 г. по 09.04.1963 г. – «За коммунистический труд». С 09.04.1963 г. выходит под названием «Колос».

Подписной индекс – 65715.
Тираж – 1600 экземпляров.
Отпечатано в типографии ТОО «Издательство «Северный Казахстан», г. Петропавловск, ул. Театральная, 42.
Ответственность за качество печати не сёт типография.

Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов.
Ответственность за содержание рекламы, объявлений несёт рекламодатель.
По вопросам доставки газеты обращаться в РУПС АО «Казпочта» по тел. 2-12-10.

Адрес редакции: 150300, СКО, с. Смирново, ул. Желтоксан, 31, телефон 2-10-85, факс 2-12-67, WhatsApp 8-707-465-17-93, электронная почта: gaz_colos@mail.ru.

Мемлекет басшысы Қасым — Жомарт Тоқаевтың бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

**Құрметті Құрылтай депутаттары,
Үкімет мүшелері!
Қадірлі қауым!**

Баршаңызға бірінші шақырылымдағы
Құрылтайдың бірінші сессиясының ашы-
луы құтты болсын!

Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса ма-
ңызды кезеңге аяқ басты. Бұл — мемле-
кетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқи-
ға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа
парағын ашып отырмыз.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде
Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конститу-
цияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шы-
ғарушы органы — Құрылтай ресми түрде өз
жұмысына кіріседі. Бұл — мемлекетіміздің
саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы
күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда
мемлекеттік маңызы бар мәселелер кең-
інен талқыланып, ортақ шешімдер қабыл-



данған. Бұл институттың жаңа кезеңде де
жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай
билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады,
бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына
тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңна-
ма сапасын арттыру арқылы еліміздің
құқықтық негізін нығайта түседі.

Осы тарихи миссияны атқару сіздерге
жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші ша-
қырылымының депутаты болу — ең алды-
мен, ерекше сәт. Бұл — үлкен бақыт деп ай-
тсақ, қате болмас. Осы аса абыройлы атқа
сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!

Азаматтар елімізде жүзеге асып жатқан
ауқымды өзгерістерді жаппай қолдауда.
Мұны Құрылтай сайлауы айқын аңғартты.
Осы науқанға азаматтарымыздың 74 па-
йыздан астамы қатысып, дауыс берді. Хал-
қымыз ел тағдырына әсер ететін тарихи
таңдауын жасады.

(Жалғасы 2-бетте)

Ерлан Қарин — Қазақстан Вице — президенті

Құрылтай депутаттары Ерлан Қариннің Қазақстан Республикасының
вице-президенті лауазымына кандидатурасын қолдады. Оның кандида-
турасына 141 депутат дауыс берді.

Бұған дейін Ерлан Қариннің кандидатурасын Мемлекет басшысы Қа-
сым-Жомарт Тоқаев Құрылтай қарауына ұсынған еді. Жаңа Конституци-
яға сәйкес, вице-президентті Құрылтай депутаттарының жалпы саны-
ның көпшілік дауысымен берген келісімінен кейін Президент қызметке
тағайындайды.

Ерлан Қарин мемлекеттік басқару мен қоғамдық-саяси салада ұзақ
жыл еңбек еткен. Ол 1976 жылы Түркістан облысының Сайрам ауданын-
да дүниеге келген. Еңбек жолын 1996 жылы Ақтөбе қаласындағы №33
мектепте тарих және география пәнінің мұғалімі болып бастаған. Кейін
Қазақстан даму институтында, Орталық Азия саяси зерттеулер аген-
ттігінде қызмет атқарып, Премьер-министрдің штаттан тыс кеңесшісі
болған.

2008 жылы Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімін басқарды, кейін «Нұр Отан» партиясының стра-
тегиялық даму жөніндегі хатшысы қызметін атқарды. 2014 жылы Президент жанындағы Қазақстан стра-
тегиялық зерттеулер институтының директоры, 2017 жылы «Қазақстан» РТРК» АҚ басқарма төрағасы бо-
лып тағайындалды.

2019–2020 жылдары Президент кеңесшісі, кейін Мемлекет басшысының көмекшісі болды. 2022 жылғы
қаңтарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, сол жылдың маусымында Мемлекеттік ке-
ңесші қызметіне кірісті. 2026 жылғы 30 маусымда Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбаса-
ры болып тағайындалған еді. Ерлан Қарин саяси ғылымдарының кандидаты. Әр жылдары «Құрмет», І
және ІІ дәрежелі «Барыс», ІІ дәрежелі «Достық», «Отан» ордендерімен марапатталған.

«Ел ақпаратынан»



Айбек Дәдебаев Құрылтай төрағасы болып сайланды

Депутаттар Айбек Дәдебаевты Құрылтай төрағасы етіп сайлады.
Оның кандидатурасын 144 депутат қолдады, деп хабарлайды,
egemen.kz. Бұл туралы Санақ комиссиясының төрағасы Жанарбек
Әшімжан хабарлады.

Айта кетейік, бүгін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуы-
мен Құрылтайдың алғашқы сессиясы өтті. Жиын барысында Мемле-
кет басшысы Құрылтай төрағасы лауазымына Айбек Аркабайұлы
Дәдебаевтың кандидатурасын ұсынды.



СҚО — ның Аққайың ауданында аумақтың ерекшелігі ескеріле отырып, полицияның міндеттері талқыланды

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, табиғатты қорғау саласындағы
құқық бұзушылықтардың алдын алу, кадрлық құрамды нығайту
және қатаң тәртіп — Солтүстік Қазақстан облысы полиция департа-
ментінің бастығы, полиция полковнигі Руслан Назаровтың
Аққайың ауданының полиция бөлімінің жеке құрамымен кездесуі-
нде талқыланған негізгі мәселелер. Кездесуге аудан әкімі Жанар
Құсайын және ішкі істер органдарының ардагерлері қатысты.



Аққайың ауданының өзіндік ерекшелігі бар. Бұл — Петропавлдан
бірнеше ондаған шақырым қашықтықта орналасқан қала маңын-
дағы ауылдық аудан. Оның аумағы арқылы оңтүстіктен сол-
түстікке қарай республикалық маңызы бар «Астана — Петропавл»
автожолы мен теміржол желісі өтеді. Бұл бағыттарда көлік және
жолаушылар қозғалысының қарқындылығы жоғары. Сонымен қа-
тар ауданда қомақты орман қоры, Шағалалы теңіз көлі және ерек-
ше қорғалатын табиғи аумақ орналасқан.

(Соңы 4-бетте)

Қазақтың көрнекті ақыны Марфуға Айтқожинаның туғанына 90 жыл

Жыр аққуы – Марфуға

«СҚО – окитын өңір» бағдарламасы және «Творчество писателей-юбиляров» – «Жазушы-мерейтой иелерінің шығармашылығы» жобасы аясында Аққайың аудандық кітапханасы қазақтың көрнекті ақыны Марфуға Ғалиқызы Айтқожинаның туғанына 90 жыл толуына орай «Жыр аққуы – Марфуға» атты виртуалды әдеби танысу шарасын дайындады.

Марфуға Ғалиқызы Айтқожина 1936 жылы 25 тамызда Құлжа қаласында (қазіргі Қытай Халық Республикасының аумағы) дүниеге келген. 1956 жылы Құлжа қаласындағы қыздар педагогикалық гимназиясын тәмамдап, біраз уақыт ұстаздық қызмет атқарды. 1958 жылы отбасымен бірге Кеңес Одағына көшіп келді. 1965 жылы Марфуға Айтқожина Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, ал 1971 жылы Мәскеудегі Жоғары әдеби курстарды тәмамдады. 1961–1969 жылдары «Қазақ әдебиеті» және «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде қызмет атқарып, журналистика саласында мол тәжірибе жинақтады.

Осы жылдары оның өзіндік ақындық қолтаңбасы қалыптасты. Марфуға Айтқожинаның әдеби шығармашылық жолы 1962 жылы жарық көрген «Балқұрақ» атты



алғашқы жыр жинағынан басталды. Кейін ақынның «Шыңдағы жазу», «Жастық шақ», «Аққуым менің», «Қаракөз айым», «Баянжүрек», «Көзімнің қарасы», «Ақ бесігім», «Жарқыра, менің жұлдызым», «Қыран жеткен», «Сағыныш сазы», «Аққу жүрек» және тағы да басқа жыр жинақтары жарық көрді. Ақынның қаламынан 40-

тан астам поэзиялық жинақ дүниеге келген.

Марфуға Айтқожина шығармашылығының өзегінде Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, табиғат, руханият және адам сезімі кенінен көрініс табады. Ақын жырларында ана тақырыбы, тарихи жады, халықтың тағдыры, ұлттық сана-сезім, туған өлкеңің көркемдігі мен адам өмірінің мәні терең толғаныспен суреттеледі. Оның поэзиясы шынайылығымен, сыршылдығымен, терең лиризммен және көркемдік қуатымен ерекшеленеді.

Ақын шығармашылығында туған жер тақырыбы мен тарихи Отанға деген сағыныш айрықша орын алады. Оның өмірлік толғаныстары мен жүрек тебіреністері өлеңдеріне арқау болып, шығармаларына ерекше рухани тереңдік берді. Марфуға Айтқожинаның поэзиясы – өткен мен бүгінді, жеке адамның тағдыры мен халық тағдырын жалғастыратын рухани көпір іспетті.

Марфуға Айтқожина ақындық қырымен қатар, талантты аудармашы ретінде де танылды. Ол қазақ оқырманын орыс және шетел әдебиетінің таңдаулы туындыларымен таныстыруға үлес қосты.

Сонымен қатар ақынның өз шығармалары да көптеген тілдерге аударылып, шетел

оқырмандарына жол тартты. Қазақ әдебиетінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Марфуға Айтқожина жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болды. Ақын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Марфуға Айтқожинаның шығармашылық мұрасы – сезім мен сырға, ой мен терең толғанысқа толы бай рухани әлем. Оның жырларынан туған жерге деген махаббат, елге деген құрмет, адамгершілік пен ұлттық рух айқын сезіледі. Ақынның шығармалары бүгінгі оқырманды да қазақ поэзиясының көркемдігімен және халқымыздың рухани құндылықтарымен таныстырып келеді.

Марфуға Айтқожинаның 90 жылдық мерейтойы ақынның шығармашылық мұрасына қайта үңіліп, жырларын жаңаша оқып, Отанға, туған жерге, адамға және қазақтың қасиетті сөзіне деген сүйіспеншілікке толы поэзия әлемін тануға тамаша мүмкіндік.

Аққайың аудандық кітапханасы барша әдебиет сүйер қауымды қазақ поэзиясының «Жыр аққуы» атанған Марфуға Айтқожинаның өмірі мен шығармашылығының парактары арқылы виртуалды саяхат жасауға шақырады.

Аққайың аудандық кітапханасы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заң: жаңа талаптар туралы нені білу қажет?

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі» заңда мемлекеттік қызметтің мотивациялық әлеуеті мен тартымдылығын арттыруға, сондай-ақ оның институционалдық жадын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шаралар көзделген. Мәселен, мемлекеттік қызметшілерді де, мемлекеттік заңды тұлғалардағы басқарушылық лауазымдарға кандидаттарды да қамтитын «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметке іріктеудің цифрлық форматы заңнамамен бекітілген.

Мемлекеттік қызметке цифрлық іріктеуді енгізу кандидаттарға мемлекеттік қызметке оңайлатылған және тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге (мерзімдері 5–7 жұмыс күніне дейін қысқартылған), қатысушыларды иесіздендіру және конкурс жеңімпазын автоматты түрде айқындау арқылы конкурстық рәсімдердің ашықтығы мен объективтілігін арттыруға, бюрократиялық кедергілерді барынша азайтуға, сондай-ақ адам факторын (проторинг) жоюға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік кепілдіктерді нығайтуға және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттыруға ерекше назар аударылды. Мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты қосымша ақылы демалыс күндерін (ұзақтығы үш, бес және он күнтізбелік күн), сондай-ақ

күнтізбелік жыл ішінде қысқа мерзімді ақылы демалыс (күнтізбелік он күннен аспайтын мерзім) беру мүмкіндігі көзделген.

Жұмыс уақытының режиміне байланысты мемлекеттік қызметшілердің еңбек құқықтарының кепілдіктері бекітілді. Мемлекеттік қызметшінің немесе мемлекеттік органның бастамасы бойынша тараптардың келісімі бойынша қызметші үшін лауазымдық жалақының мөлшерін барабар қысқарта отырып, толық емес жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін, оның ішінде: толық емес жұмыс күні, толық емес жұмыс аптасы, күнделікті жұмыс ұзақтығын бір мезгілде қысқарту және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту көзделген.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар мемлекеттік қызметшілерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы – аптасына отыз алты сағаттан аспайтын уақыт белгіленеді. Бұл ретте жалақы мемлекеттік лауазымның белгіленген мөлшерлемесіне сүйене отырып, толық жұмыс аптасы ретінде толық көлемде төленеді.

Заңда тәртіптік жауапкершіліктің профилактикалық әлеуеті және тепе теңділігін арттыруға бағытталған заңнамалық шаралар көзделген, тәртіптік жазалардың қолданылу мерзімдері олардың ауырлығына байланысты

(екі айдан алты айға дейін) шектелген, жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды бір мезгілде ескеруге, сондай-ақ құқықтық салдарларды саралауға мүмкіндік беретін тәртіптік жауапкершіліктің икемді негіздері айқындалған.

Заңмен лауазымдық өкілеттіктерін атқарумен байланысты емес, бірақ мемлекеттік қызметтің абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер үшін жауапкершілік күшейтілді. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, прекурсорларды медициналық емес пайдалану, алкогольдік, есірткілік және мас күйінде көлік құралын басқару мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жатқызылады.

Заңда құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қызметтің кәсібиленуін және ұйымдастырушылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құқық бұзушылықтардың алдын алу қызметтерін құру көзделген.

Осы қызметтің функцияларына тәртіптік комиссияның қызметін ұйымдастыру, қызметтік тергеу жүргізу рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету, қызметтік әдептің сақталуын бақылау, жауапкершілікке тарту не өзге де құқықтық ықпал ету шараларын қолдану жөнінде ұсыныстар енгізу, соттарда мемле-

кеттік қызметшілердің өкілдігі мен мүдделерін қорғау және тағы басқасы жатады.

Өз кезегінде заңда персоналды басқару қызметтерінің қызметін стратегиялық кадрлық жоспарлауды іске асыруға қайта бағдарлау, сондай-ақ құзыретті кадрларды тарту және ұстап қалу жөніндегі шаралар көзделген.

Қызметтік әдеп талаптарын сақтауы, мүдделер қықтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жауапкершілікті қолдану мәселелері реттелді. Заңның жеке нормасы әдептілік мен мінсіз бедел нормаларына арналған. Мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтауға, мінсіз беделді ұстануға, жағымсыз қоғамдық резонанс туғызуға немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін әрекеттер мен мінез-құлықтан тартынуға міндетті. Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік лауазымға орналауға үміткер адамның мінсіз беделі мемлекеттік қызметке кіруге және оны өткеруге келергі келтіретін мән-жайлардың болмауына байланысты жеке, әдептік және кәсіби қасиеттер жиынтығын қамтиды.

Дархан ХАЙРУЛЛИН,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаментінің басшысы

Хабарландыру

«RAHIMI GROUP» ЖШС үшін ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Күнi, уақыты, орны: 12.10.2026 ж. сағат 11:00-де

Өтетін орны: СҚО, Аққайың ауданы, Смирново ауылы, Желтоқсан көшесі, 24 (акт залы).

Учаскенің координаттары: 54°31'41"с.е., 69°24'53" ш.б.; 54°31'39"с.е., 69°25'7"ш.б.; 54°31'35"с.е., 69°25'10"ш.б.; 54°31'38"с.е., 69°24'51"ш.б.

Интернетке қосылу сілтемесі:

<https://teams.live.com/join/9328867359909?p=JKwYpmaoeEI1cIS044>

Жиналыс идентификаторы: 932 886 735 990 9. Құпия сөз: 123456

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Rahimi Group» ЖШС тел. 8-705-255-91-99 СҚО, Смирново ауылы, Гагарин көшесі, 124А, БСН 230740024009, omidrahimiagro801@gmail.com.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: ЖШС «NordEcoConsult», Петропавл қ., Мұқанов к-сі, 50, 308, тел.: 8-777-319-17-46, БСН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей қызығушылық танытатын сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер Банкіне орналастырылған <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында орналастырылған <https://www.gov.kz/memleket/entities/skotabigat/press/article/1?activities=37524&lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: СҚО әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел. 8 (7152) 53-36-38.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша 8-777-319-17-46 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: a.sapozhnikova@sko.gov.kz, dpr@sko.gov.kz.

Аққайың ауданының газеті

«Аққайың».

Меншік иесі: «Колос» ЖШС газетті

есепке қою туралы.

Таралымы 500 дана.

№12101-Г куәлігі 2011 жылғы 10 қараша-

дағы Қазақстан Республикасының байла-

ныс және ақпарат Министрлігі берген.

Газет 2003 жылдың 27 маусымынан

бастап шығарылады.

Редактордың м. а. Амангелді КОВЕНОВ

Ресми сайты: www.smirnovov.info.

Редакцияның мекенжайы: 150300, СҚО,

Аққайың ауданы, Смирново ауылы,

Желтоқсан көшесі, 31 үй.

Электрондық пошта: akkain_smi@mail.ru.

Газет аптасына бір рет шығады.

«Издательство «Северный Казахстан»

ЖШС-ның баспаханасында басылды, Пет-

ропавл қ., Театральның көшесі, 42 үй.